

## **БАҚША DAҚЫЛДАРЫНЫҢ (ҚАУЫН, ҚАРБЫЗ) АУРУЛАРЫ, ЗИЯНКЕСТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚАРСЫ КҮРЕС ШАРАЛАР**

**07.08.2025 ж.**

Отандық азық-түлік өндірісі принциптеріне негізделетін болсақ, оның бірі – халықтың сұранысын қанағаттандыруға бағытталған арзан және сапалы өнім өндіруді барынша арттыру үшін, әрбір аймақтың топырағы, климаты және экономикалық жағдайларын толық және тиімді пайдалану керек.

Республикада қауын-қарбыз өсіруге ең қолайлы аймақ – арзан және сапалы қауын өсіруге және оны республиканың басқа аймақтарына беруге қолайлы топырақ-климаттық жағдайы бар Түркістан, Қызылорда, Жамбыл, Алматы облыстары.

Осыған байланысты бұл өңірлерде бақша дақылдары айтарлықтай аумақты, 90 мың гектардан астам аумақты алып жатыр. Оларды өндірістік кооперативтер, шаруа қожалықтары, фермерлер өсіреді. Олар республиканың барлық аймақтарына қауын жеткізіп, басқа елдерге экспорттауда.

Бақша дақылдарының өнімі мен сапасының төмендеуінің себептерінің бірі олардың көптеген зиянкестер мен аурулардан зақымдалуы болып табылады. Зиянкестер мен аурулардың алуан түрлілігіне байланысты бұл дақылдар бірнеше рет химиялық өңдеуден өтіп, топырақты, қоршаған ортаны, өнімдерді ластап, адамдардың, жануарлардың және пайдалы жәндіктердің денсаулығына қауіп төндіреді. Пестицидтердің қоршаған ортаға және биоценозға, сондай-ақ өндірілетін өнімге зиянды әсерін азайту үшін, зиянкестер мен аурулар кешенінен қорғау шараларының экологиялық бағытталған жүйесін әзірлеу қажет.

Қауын дақылдарын қорғау жүйесіндегі негізгі профилактикалық шара тұқымды себу алдында өңдеу болады. "Бұл әдіс қоршаған ортаны қорғау және үнемділік талаптарына жауап береді. Ол өсімдіктерді тек өну кезеңінде ғана емес, сонымен қатар, өсімдіктердің өсу мен дамудың келесі кезеңдерінде де қорғауға қабілетті. Бұл арзан, экологиялық таза технологиялық процес, әрбір

